

## **Сырым ауданы бойынша 2019 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы**

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 17 қыркүйектегі № 226 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 18 қыркүйекте № 5787 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Сырым ауданы бойынша 2019 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Сырым ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 14 маусымдағы № 191 "Сырым ауданы бойынша 2018 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5264 тіркелген, 2018 жылғы 5 шілдеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Аудан әкімі аппаратының басшысы (Е.Сарсенов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Саркуловқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

аудан әкімі

Т. Турегалиев

Сырым ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы 17 қыркүйектегі  
№ 226 қаулысына қосымша

## **Сырым ауданы бойынша 2019 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы және ата-ана төлемақысының мөлшері**

Мектепке дейінгі тәрбие және	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	Ай сайын 1 тәрбиеленушіге мемлекеттік	Мектепке дейінгі ұйымдардағы ата-ананың 1 айдағы
------------------------------	------------------------------------	---------------------------------------	--

о қыту ұйымдарының әкімшілік аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары	ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	білім беру тапсырысы (теңге)	төлемақы мөлшері (теңге)	
				3 жасқа дейін	3 жастан 6 жасқа дейін
Балабақша (республикалық бюджет)					
Бұлдырты ауылы	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің "Айналайын" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	100	21510	8 000	8 500
Балабақша (жергілікті бюджет)					
Жымпиты ауылы	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің "Балдырған балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	145	40 236	8 000	9 000
Шағырлой ауылы	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Абай орта мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	22 591	8 000	8 500
Алғабас ауылы	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін М.Қаналиев атындағы Алғабас орта мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	20 500	8 000	8 500
Бұлан ауылы	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Бұлан орта мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	26 233	8 000	8 500
Жымпиты ауылы	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Жанша Досмұхамедов атындағы орта мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	100	17 115	8 000	8 500
Қоңыр ауылы	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Абдолла Жұмағалиев атындағы Жосалы орта мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	24 650	8 000	8 500
Қособа ауылы	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Қособа орта мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	19 916	8 000	8 500
Қосарал ауылы	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Сырым орта мектеп-балабақша	75	39 155	8 000	8 500

	кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі				
Талдыбұлақ ауылы	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Талдыбұлақ орта мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	21 460	8 000	8 500
Тасқұдық ауылы	"Сырым аудандық білім беру бөлімінің жалпы білім беретін Тасқұдық негізгі мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	32 574	8 000	8 500

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК